

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданына қарасты Сарытерек селолық округі, №3 филиал Сарытерек ауыл үлгілі кітапханасы.

Сарытерек ауыл, Ақтоғай ауданындағы Сарытерек селолық округінің орталығы. Аудан орталығынан оңтүстік шығысқа 42 км, Балқаш қаласынан солтүстікке қарай 180 км жерде, Тоқырауын өзенінің оңтүстік – батыс жағалауында, Балқаш - Ақтоғай жолының бойында орналасқан. Іргетасы Сарытерек селолық Кеңесі болып 1928 жылы қаланған. Бұрынғы Каганович, Ленин, Үшөзен, Сарыши , Сарытерек колхоздарының негізінде 1950 жылы ірілендірілген Ленин колхозы болды. 1963 жылы Ақтоғай совхозы болып қайта құрылды. 1995 жылы кеңшар негізінде 58 шаруа қожалығы құрылған. Халқы 778 адам. Шаруашылығының мамандандырылған негізгі бағыты – мал шаруашылығы. Желтау тауында Қарабауыр, Тойғанбай қыстақтарының маңайында таңбалы тастар салынған. Елді мекендерінде (Жетімшоқы, Ақтұмсық, Кенелі ауылдары ) мектеп, клуб, кітапхана, ФАП басқа да мәдени - тұрмыстық мекемелер жұмыс жасайды. Округ аймағында Желтау тауы, Сана би мазары, Кенелі- Майтас кен орыны болған. Атақты «Ақбидайдың» отаны. Ең жақын Балқаш темір жол станциясы 180 км жерде.

Ақтоғай аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесіне қарасты Сарытерек ауыл кітапханасы 1964 жылы ашылған, 1996 жылы жаппай қысқартуға ілігіп кітапхана жабылды. Жабылып қалған уақытта кітап қорын кітапханашы өз жауапкершілігімен қорды сақтап келді. 2000 жылы - Мәдениетті қолдау жылы болып жарияланған жылы Сарытерек селолық округ кітапханасы қайта ашылды. Кітапхана қайта ашылған кезінде сақталған қорымен кітапхана ашуға жеңілдік тудырды.

Ақтоғай әкімінің қолдауымен Ақтоғай ауданына қарасты №3 филиал Сарытерек селолық округ кітапханасы 2008 жылы Қазақстан Республикасы «Мәдениет туралы» 15-желтоқсан 2006 жылғы Заңын басшылыққа ала отырып, ауыл кітапханасының ақпараттық және мәдени орталық ретінде мүмкіндігін кеңінен пайдалану, ауыл тұрғындарының жаңа кітапханалық-ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, ауылды ғылыми және ақпараттық жағынан қамтамасыз ету мақсатында Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 30- маусым 08/23 қаулысына сәйкес Сарытерек селолық округ кітапханасы Сарытерек ауыл үлгілі кітапханасы мәртебе берілді. Осы жылдан бастап кітапхана «Үлгілі кітапхана» мәртебесіне ие болып, қазіргі уақытқа дейін үлгілі кітапхана болып жұмыс жасауда.



Үлгілі кітапхана аталғаннан бастап кітапханаға аудандық бюджеттен қаржы қаралып, жаңа стандартты жиһаздар: көрмелік стеллаждар, оқырмандар столы,



орындықтар, жұмыс кафедрасы және стандартты техникалар: теледидар, 1 компьютер, модем, принтер, цветной принтер, МФУ, жаңа сұранысқа сәйкес сала бойынша және әдеби кітаптармен, энциклопедиялармен, басылымдармен толықты.

Келе-келе интернет желісі де іске қосылды. Жыл сайын жаңа кітаптар мен газет-журналдармен толығып отырылады.

Қазіргі таңда кітапхана қоры жалпы 14862 кітап қорынан тұрады, оның ішінде қазақшасы 9053 дана. Жаңадан келіп түсетін кітаптарды толықтыру көздері: аудандық бюджет, Мәдениет басқармасы, Н.В.Гоголь атындағы *облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасы болып табылады. Баспасөз* басылымдарына 113160,83 теңгені құрайды, 15 газет, 14 журнал түрлеріне жазылған.

### **Бақылау көрсеткіштер:**

Оқырман – 510

Келіп-кетуші- 5965

Кітап берілімі – 11100

Садықова Бахтыбала Жумабекқызы. Арнаулы орта-Жезқазған қаласындағы Культпросвет училищесі кітапханашы мамандығы, еңбек өтілі-29 жыл. 2002-ші жылы Қарағанды қаласында өткен « Ауылдың үлгілі кітапханасы» атты форумға қатысып, облыс әкімі К.Мұхаметжановтың «Құрмет грамотасымен» 2010 жылы Тәуілсіздігіміздің 20-жылдығына байланысты аудан әкімі Ғ.Омаровтың «Алғыс хатымен» марапатталды.

Кітапхана әкімшілік ғимаратының **2-ші қабатында** орналасқан. Кітапхана телефоны 30-4-75

Алып отырған бөлмелерінің көлемі – **80,6 кв. м.**

Жылу- АСО.

Жиһаз жартылай жаңа. **2008 жылы** алынған:

Жөндеу жұмысы бірде бір рет жүргізілмеген. Оған қаржы қарастырылмаған, селолық әкімдігінің тарапынан көмек көрсетілді төбесіне шифр салынып жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Кітапханашы мәдени –ағарту жұмыстарын ұйымдастыра отырып, оқырмандарды, әсіресе балалар мен жасөспірімдерді кітап оқуға баулу мақсатында әр бағыттағы әсем кітап көрмелерін ұйымдастырып отырады. Анықтамалық құралдар арқылы оқырмандар сұранысы қанағаттандырылып тұрады. Рабис бағдарламасы орнатылған, жұмыс жасайды. Селолық клуб, мектептермен бірігіп жұмыс жасайды. Өлкетану бағытында жұмыс жүргізіледі, папкалар толықтырылып отырылады. Өз оқырмандарының қандай кітапты сүйіп оқитындарын білу, олардың қызуғушылықтарын арттыру үшін, оқырмандар формулярына зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы, анкеталық сұрақтар тарату арқылы жүзеге асырылып отырылады. Мысалы «Қандай кітап сүйіп оқисың», «Қандай ақын-жазушыларды жақсы көресің».



Кітапханада «Шебер колдар» клубы жұмыс жасайды. Клубтың мақсаты оқырмандарды Қазақтың ұлттық қол өнері шіберлігіне баулу, ою-өрнек, құрақ құрау, ши тоқуды үйрету т.б. Оқырмандармен аудан аралық өтетін іс шараларға үнемі қатысып отырады. Аудан орталығында өткен 7-Наурыз халық аралық әйелдер мерекесіне арналған «Ақтоғай аруы - 2013» атты қыз сынына қатысып, оқырман Нұрлан Назерке жүлделі 2-ші орынға иеленді.